

**Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудағы Германияның тәжірибесі**

**Аңдатпа.** Бұл мақалада мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың Германиялық тәжірибе қарастырылған. Қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық процестерді стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау үндестігін дамыту өзекті мәселе болып табылады. Мемлекеттік сатып алудың тағайындалуы орталық және жергілікті басқару органдары мен мекемелер, мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың тауарлар, жұмыстар және қызметтерге деген қажеттілігін қанағаттандыру және оларға берілген қызметтерді орындау болып табылады. Осы аталған мәселелер мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырудың тиімді әдістерін және механизмдерін қажет етеді.

Қазақстандық сатып алу жүйесін ұйымдастыруда Германияның тәжірибесі қызықтырмай қоймайды.

Германияның нарықтық экономика түріндегі бәсекелестік ортадаға бағытталған әлеуметтік орталық бөлімдері негізінен жеке сектор орын алатын барлық нарық қатысушыларының еркін экономикалық қызметін білдіреді. Мемлекет экономикалық саясаттың басымдылығын және құқықтық шектерін анықтайды, ал экономика субъектілері өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды. Қазақстандық сатып алу жүйесін ұйымдастыруда Германия тәжірибесінің артықтылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, Қазақстанда қолдану мүмкіншіліктері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік сатып алу жүйесі, мемлекеттік тапсырыстар, ашық конкурс, конкурстық тапсырыстар, жабық конкурс, сатып алу пәні, сатып алу қағидалары.

**DOI:** <https://doi.org/10.32523/2079-620X-2020-1-203-209>

Мемлекеттік сатып алу – елде немесе шетелде өндірілген тауарлар мен қызметтердің бөлігін мемлекеттік бюджет қаражаты арқылы мемлекеттік органдар, үкіметтің сатып алуын айтамыз. Мұндай сатып алулар мемлекеттің жеке қажеттілігі үшін (құралдар мен жабдықтарды сатып алу) және қор жинау мен халықтық тұтынуды қамтамасыз ету мақсатын көздейді (мысалы, бидайды және азық-түлікті мемлекеттің сатып алуы).

Қазіргі жағдайда Қазақстан экономикасының тұрақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық процестерді стратегиялық, индикативтік және бюджеттік жоспарлау үндестігін дамыту өзекті мәселе болып табылады. Мемлекеттік сатып алудың тағайындалуы орталық және жергілікті басқару органдары мен мекемелер, мемлекеттік сектордағы кәсіпорындардың тауарлар, жұмыстар және қызметтерге деген қажеттілігін қанағаттандыру және оларға берілген қызметтерді орындау болып табылады. Мемлекеттік сатып алу маңызды сфераларды қамтиды, сондықтан мемлекеттік сатып алу жүйесін дамыту өзекті мәселе болып табылады.

Қазақстандық сатып алу жүйесін ұйымдастыруда Германияның тәжірибесін зерттеу мақала тақырыбының мақсаты болып табылады.

Германияның нарықтық экономика түріндегі бәсекелестік ортадаға бағытталған әлеуметтік орталық бөлімдері негізінен жеке сектор орын алатын барлық нарық қатысушыларының еркін экономикалық қызметін білдіреді. Мемлекет экономикалық саясаттың басымдылығын және құқықтық шектерін анықтайды, ал экономика субъектілері өз қалаулары бойынша іс-әрекет жасайды.

Негізгі қағидалар: феодализм негізінде қоғам мен экономиканың еркін дамуы. Бұл

орайда мемлекет шаруашылық субъектісі ретінде қатыса отырып, экономиканың жеке секторлары сияқты құқықтық және экономикалық қағидаларды сақтауға міндетті. Мемлекет нарықтық жағдайда бәсекелестік ортада іс-әрекет жасауы қажет. Осы айтылғандар мемлекеттік сатып алуды орналастыру жүйесіне қатысты.

Мемлекеттік мекемелер мен шаруашылық субъектілері экономикалық қызметтерін жүзеге асыру кезінде тең құқылы әрекет етеді, Германияның мемлекеттік сатып алу жүйесінің айрықша ерекшелігі мемлекет ешбір ерекше құзыреттік пен артықшылыққа ие болмайды. Сатып алушы ретінде жеке сектормен бәсекелесе отырып, олармен бірге нарықтағы өзгерісті қадағалайды, тауарлар мен қызметтерді сатып алу туралы конкурсты хабарлай отырып, нарыққа өздерінің тұтынуы туралы ақпараттар береді. Негізгі дауларды азаматтық құқық шешеді.

Федералдық, аймақтық және жергілікті билік органдар, оларға бағынышты мекемелер мен ұйымдар өздерінің қызметін бюджеттік құқық бойынша жетекшілік етеді. Бюджетті орындау кезінде олар бір-бірімен байланысты болмайды. Бюджеттің шығын бөлігі келіп түсетін табыс көлеміне байланысты, яғни, көрсетілген қызметтерден алынатын салықтық түсімдер, салықтық трансферттер және төлемдер көлемімен анықталады.

Әрбір мемлекеттік мекемелер жыл сайын құрамдас бөлігі федералдық бюджетке кіретін бюджеттік тапсырмаларды құрады және бекітеді. Әрбір бюджеттік жылдың соңында осы тапсманьң орындалуы тексерілді және жұмсалған қаражаттардың заңды екендігі расталады. Бюджет қаражатын тиімді жұмсау талаптарына сәйкес мемлекеттік мекемелер қойылған мақсатқа жетудің тиімді тәсілі ретінде мемлекеттік қажеттілік үшін тауарлар мен қызметтерді сатып алуда ашық сауданы қолданады.

Конкурстарды өткізу және мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру тәртібі Германияның экономика министрлігі жасаған мемлекеттік тапсырыстарды мердігерлік өткізу туралы нормативтік құжаттарда жазылған. Қызметтерге мемлекеттік тапсырысты құру ережесі үш негізгі нормативтік құжаттарда негізгі үш қыметтің ерекшелігі бойынша ескерілген:

- қызметті мемлекеттік сатып алу туралы ереже (VOL), «А» және «Б» бөлімі 12.05.97ж;
- құрылыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы ереже (VOB), части «А» и «Б» «А» және «Б» бөлімі 03.07.96ж, бюджет құру қағидалары туралы Заңға енгізілген өзгерістер туралы заң және мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша ереже 22.02.94ж, сонымен қатар бюджет орындалуын тексеру тәртібі туралы ереже 22.02.94ж;
- кәсібінен бос тұлғалардың қызметіне мемлекеттік тапсырыс беру туралы ереже, (VOF) 12.05.97 (гонорар негізінде орындалатын жұмыстарға байланысты реттелетін мәселелер).

Кәсібінен бос тұлғаларға жататындар, әсіресе сәулетшілер мен жобалаушылар, инженерлер, жерге орналастырушылар, гонорар негізінде жұмыс істейтіндер, адвокаттар, нотариустар, дәрігерлер, оның ішінде тіс және мал дәрігерлері, дәріханашылар, салықтық кеңес берушілер, шығармашылық кәсібінің иелері, яғни дизайнерлер және тағы басқалары. Жеке ғылыми, жазышы, суретші, оқытушы және тәрбиелеуші қызметтер гонорар негізінде орындалатын жұмысқа жатады. Ережеге сәйкес тапсырыс құны 200 ЭКЮ (ҚҚС қоспағанда) тұрады. Бұл ереже кәсібінен бос тұлға бірақ рет көрсетілетін қызметтер үшін қолданылмайды. Нормативтік құжаттарда бұл жұмыс ерекше ереже бойынша орындалатын құрылыс жұмыстарын қоспағанда басқа да тауарлар мен қызметтерді қоюды білдіреді.

Жоғарыда аталған құжаттардың негізгі қағидасы конкурс негізінде тапсырыстарды орналастыру болып табылады. Мемлекет тапсырыс алуға ниет танытқан барлық қатысушы фирмалар мен кәсіпорындарға тең мүмкіндік береді. Сондай-ақ мүмкіндігінше жариялылыққа қол жеткізетін ең жақсы құрал – бұл мемлекеттік тапсырыстарды ашық конкурс негізінде орналастыру.

Сонымен қатар, мемлекеттік тапсырыс ашық конкурс нәтижесі бойынша орналасты-

рылады. Оған қатысуға шақыру бекітілген тәртіппен шектеулі орындаушыларға жіберіледі. Егер жұмыстың ерекшелігі конкурстық пәні болып табылған жағдайда ғана осылай жасалады. Өйткені оларды өндіріс қуаттылығы, арнайы білімдері бар шектеулі кәсіпордар ғана орындай алады деп санайды. Мемлекеттік тапсырысты орналастыруда хабарландырусыз конкурсты өткізу заңда белгіленген тәртіппен ғана орын алады.

Мемлекеттік тапсырысты орналастыру бойынша конкурстан тыс немесе жабық конкурс өткізу үшін қатысушыларды жариялы түрде шақыру қажет. (алдын ала іріктеліп алынған қатысушылармен өтетін жабық конкурс деп аталады), конкурстарға мемлекеттік тапсырыстарды орындау үшін ЕО заңы бойынша жұмысты орындауға құқығы бар шетелдік фирмалар да қатыса алады. Тең отандықтарды ғана таңдауға шектеу қойылады.

Конкурсқа қатысу шартының тізімін жариялауда орындалатын жұмыстың нақты мерзімі және мазмұны түсінікті жазылуы қажет. Әдетте Үкімет жаршысында жарияланды («Bildesanzeiger»), тәртіп бойынша жалпы ұлттық газет және журналдарға көшіріледі. Конкурс туралы хабарландырудың мазмұнына қойылатын талаптар мемлекеттік тапсырыс туралы ережелерде нақты жазылған. (VOE, VOB, VOF). Мысалы, өтініш беру нысаны, мерзімі, конкурсқа қатысу шығындарын өтеу (талап етілген құжаттарды дайындау және еселеу: жоспарлар, сызбалар және т.б.), берілетін өтініштің нақты деректемелері, оларды қарастыру тәртібі, кепіл және жауапкершілік мәселелері.

Германияда мемлекеттік сатып алу процесін ұйымдастыру ерекшелігі конкурстық құжаттардан алынатын төлемдердің болмауы. Егер конкурс ұсыныстарын дайындауға қатысушылар елеулі қаржылық шығындар талап етілсе, онда оны өтеу жолдары қарастырылады.

Конкурс жеңімпазын анықтау кезінде неғұрлым экономикалық тиімді ұсыныс іріктеліп алынады. Бұл орайда бағамен қатар өзге де қосымша критерилер есепке алынады, оның ішінде берілген мерзімде жабдықтаушы өзіне алған міндеттемені орындауда, техникалық және қаржылық мүмкіндіктері ескеріледі. Бұл үшін конкурсқа қатысушылар өтініште қосымша мәліметтерді көрсетеді, қосымша ақпараттар талап етіледі, оған қаржылық жағдайы, кәсіби құзыреттілігі, соңғы жылғы қаржылық баланс пен есептілігі енгізіледі. Осы және басқа да құжаттарды сұрау негізі мен тәртіптері мемлекеттік тапсырыс туралы ережеде нақты жазылған.

Конкурс комиссиясына мөрленген конвертпен келіп түскен өтініштер конкурс өткізу күніне дейін бейтарап тұлғада сақталып тіркеледі. Конкурс мерзімі болған сәтте конкурс комиссиясы мен тапсырыс беруші өкілдерінің қатысуымен жабық конверттерте берілген өтініштер ашылады. Бұл орайда конкурсқа қатысушылар қатыспайды. Өтініштерді қарастыру процесінің хаттамалары толтырылады және конкурсқа қатысушылар көрсеткен мекен-жайдың дұрыс толтырлуын тексереді. Оған конкурстық комиссияның төрағасы және тапсырыс беруші өкіл қол қояды. Тапсырыс беруші қарастырылған өтінішті тексеру және бағалау мақсатында ғана өтініште мазмұндалған конкурсқа қатысушының қосымша ұсыныстарын пайдалануға құқылы.

Қолданыстағы құқықтық нормалар сәйкес тапсырысты орналастыру келісім-шарттарды жасаумен аяқталады. Барлық даулар мен әр түрлі келіспеушіліктер азаматтық сот өндіру нормаларымен шешіледі.

Конкурс мынандай жағдайларда өткен жоқ деп танылады: конкурстың негізгі шарттарына жауап беретін тірде бір өтініш келіп түспегенде; тапсырыс теру шарттары елеулі өзгергенде; өзге де себептер. Бұл туралы дереу оференттерге хабар береді, конкурсты қайта өткізу туралы хабарландыру қайтадан беріледі.

Тұтасымен ережелер екі жақ үшін саудаласу процесінің мүмкіндігінше жариялы және бәсекелестік сипатта өтуін қамту болып табылады.

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде тәуелсіздік қағидасына сәйкес мемлекеттік тапсырыс беруші оның орындалуын өз беміне бақылауға құқылы. Келесі бюджеттік бақылау пәні

бақылау әдісі ретінде тапсырыс беруші тапсырысты орындау нәтижесі ретінде де қолданады (ревизия және тексеру өткізу бойынша Ережеде бақылау технологиясы толық жазылған).

Тексеру федералды жерлердің бақылау ревизиялық комиссиясы немесе федералдық есептік палатаның тәуелсіз комиссиясымен толық жүзеге асырылады. Әсіресе, экономика министрінің өзі министрліктің құрамына кіретін мекемелер мен ұйымдардың бюджет қаражаттарын жұмсауы және оның қолдайтын мемлекеттік бағдарлама бойынша есеп береді.

Германия экономикасының тиімді құрылымын көптеген шағын және орта кәсіпорындар мен фирмалар қамтамасыз етеді. Оларды қолдау үшін мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру конкурсының ережелерінде ірі лотоларды жеке-жеке бөлу мүмкіндіктері қарастырылған. Ірі құрылыс объектілеріне тапсырысты орналастыру кезінде конкурса елдің әр түрлі аймақтарынан шағын және орта фирмалар субмердігер ретінде қатысуы қамтамасыз етіледі.

Жалпы ұлттық және еуропалық конкурстардың хабарландыруына оференттердің құрамын үйлестіруге жұмылдырылады.

Әскери тапсырыстар аясында экономиканың жеке секторында қолданыстағы экономикалық қағидалар мен заңдар, әсіресе тапсырыстарды орыналастыру ережелері қолданылады. Конкурстан тыс және жабық конкурстар арқылы мемлекеттік тапсырыстарды орналастыру мүмкіндігі әскери аяның ерекшеліктерін ескереді.

Германияның заңнамаларына жалпы еуропалық заңнамалардың нормалары мен талаптарының енгізуі, әсіресе, ұлттық фирмалар конкурсына өзге елдердің – ЕО мүше елдердің қатыстырылуынан көптеген тендерлер халықаралық сипатқа ие болды. АҚШ және Германияның мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алуды ұйымдастыру және тапсырыстарды орналастыру тәжірибесін талдау осы елдерде қолданылатын тәртіптер жақсы ұсынылғандығын, мемлекеттің экономикалық саясаты, өндірісті ұйымдастырудың ұлттық ерекшелігі, менталитет, орын алған объективтік экономикалық қатынастар, әртүрлі билік буындарының өзара қарым-қатынас ерекшеліктері ескерілгендігін көрсетті. Осы елдерде сауда мақсатына жетуге мүмкіндік беретін мемлекеттік қажеттілік үшін ТЖҚ сатып алуға конкурстық сауданы құрылымдастырудың маңызды ерекшелігі мынандай:

- сатып алу пәнін нақты сипаттауы;
- қолданыстағы ережелерге сәйкес сауданы қатысушы жақтардың қатаң орындауы;
- преференцияны қолдануы;
- конкурстық саудаласуға шағын кәсіпорындардың қатысуын қолдау және белсенді тарту;
- сатып алудың басынан аяғына дейін жүзеге асыру процесін бақылау жүйесі тиімді жасалған;
- сотқа дейін дауларды шешу механизмі жасалған;
- мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алуды жүзеге асыру процесіне электрондық сауданы белсенді енгізуі ХХІ ғасырдағы экономиканың дамуының негізгі бағыты болып табылады.

Тәжірибенің жағымды жақтарымен қатар, АҚШ, Германия және өзге де елдердің мемлекеттік сатып алу жүйесінде жалпы кездесетін жеке мәселелерді айтпауға болмайды. Бұған шенеуніктердің ауыз жаласуы, ережелердің тым қаталдығы, қызметтерді сатып алудың арнайы ерекшеліктеріне байланысты заңнамалық базаның жеткіліксіз дамуы, халықаралық деңгейде электрондық-лото саудасын қолдану тәжірибесінің шешілмеген мәселелері, сатып алуды ұйымдастыру процесінің реттелуі, мемлекеттік қажеттілік үшін федералдық және жергілікті билік органдарының сатып алу заңындағы сәйкессіздік жатады.

Сонымен жоғарыда аталғандардан мынандай бірқатар жалпы қорытындылар жасауға болады:

Тауарлардың жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алудың мәні нарықтық экономиканың мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Алдымен мемлекеттік сатып алу үлесі соңғы сұраныста өте жоғары (капиталистік дамыған елдерде ЖІӨ - 20-30%, өнімнің - 50% астамын құрайды). Мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алу мақсатты бағдарламалар шегінде жүзеге асырылады, оны орындау үшін арнайы мемлекеттік компаниялар құрылады, олар олардың қызметтерін бағыттайды.

Халықаралық тәжірибеде тауарларды сатып алу және жұмыстар мен қызметтерді орындау тапсырмаларын орналастыру «прокьюремент» терминімен анықталатын конкурстық саудаласу арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қажеттілік үшін сатып алуға қажетті көптеген елдердің заңнамаларында белгілі бір ережелер бекітілген.

Прокьюремент негізінде мынандай қағидалар жатыр: жариялылық, әділеттілік, үнемділік, тиімділік, есептілік.

Еліміздің мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы дүние жүзінің осы сала бойынша ең озық тәжірибесі негізінде құрылған. 2008 жылы сәуірде баға ұсынысын сұрау арқылы электрондық сатып алуды енгізгеннен бастап сыбайлас жемқорлықтың орын алуына деген тәуекелділік елеулі азайды. Бұған адам факторын енгізбеу арқылы қол жеткізді: жабдықтаушы мен тапсырыс беруші арасындағы байланыс сатып алу жеңімпазын анықтағанға дейін белгісіз болды. Электрондық конкурс түрінде өткізілетін мемлекеттік сатып алудың (бұл жүйе Қазақстанда 2010 жылдан бері қолданылады) және 2012 жылдың басында енгізілген электрондық аукционның артықшылығы бар.

Тәжірибенің жағымды жақтарымен қатар Германия және өзге де елдердің мемлекеттік сатып алу жүйесінде жалпы кездесетін жеке мәселелерді айтпауға болмайды. Бұған шеуніктердің ауыз жаласуы, ережелердің тым қаталдығы, қызметтерді сатып алудың арнайы ерекшеліктеріне байланысты заңнамалық базаның жеткіліксіз дамуы, халықаралық деңгейде электрондық-лото саудасын қолдану тәжірибесінің шешілмеген мәселелері, сатып алуды ұйымдастыру процесінің реттелуі, мемлекеттік қажеттілік үшін федералдық және жергілікті билік органдарының сатып алу заңындағы сәйкессіздік жатады.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Кузнецов К.В. Международная практика и российские реалии госзакупок / К.В. Кузнецов // Госзаказ. – 2005. - № 2. – с. 32
- 2 Грегори М.Н. Макроэкономика / М.Н. Грегори ; пер. с англ. - М.: Изд-во МГУ, 1994 г. 59 с.
- 3 Дорнбуш Р., Фишер С. Макроэкономика / Пер. с англ. - М.: ИНФРА-М, 1997. - 55 с.
- 4 Макконнелл К.Р., Брю С.Л. Экономикс: Принципы, проблемы и политика / К.Р. Макконнелл, С.Л. Брю ; / пер. с англ. Т. 1. - М.: ИНФРА - М, 2000. - 135 с
- 5 Сакс Дж.Д. Макроэкономика. Глобальный подход / Дж.Д.Сакс, Ф.Б. Ларрен ; пер. с англ. - М.: Дело, 1966. - 224 с
- 6 Стиглиц Дж.Ю. Экономика государственного сектора / Дж.Ю. Стиглиц - М : ИНФРА-М, 1997.-228 с
- 7 Кучукова Н. Законодательные основы реформирования бюджетной системы Республики Казахстан / Н. Кучукова // Финансы. - 2002. - № 2. -15 с.
- 8 Елубаева Ж.М. Государственное финансовое обеспечение производства общественных товаров и услуг / Ж.М. Елубаева // Каржы-Каражат, - 1999.- № 2. -141 с.
- 9 Кулекеев Ж.А. Проблемы эффективности использования государственного бюджета Республики Казахстан в условиях развития рыночных отношений / Ж.А. Кулекеев, А.Ж. Султангазин, А.Б. Зейнельгабдин, А.М. Мухаметкарим. Под общ. ред. А.С. Серик-

баева. - Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 2003. -194 с

**С. Рейдолда**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Опыт Германии в организации государственных закупок**

**Аннотация.** В данной статье предусмотрен германский опыт организации государственных закупок. В современных условиях для устойчивого развития экономики Казахстана актуальным вопросом является развитие гармонизации стратегического, индикативного и бюджетного планирования социально-экономических процессов. Целью государственных закупок является удовлетворение потребностей центральных и местных органов управления и учреждений, предприятий государственного сектора в товарах, работах и услугах и выполнение предоставленных им услуг. Данные вопросы требуют эффективных методов и механизмов организации государственных закупок.

Опыт Германии в организации казахстанской системы закупок интересен.

Разделы социального центра Германии, ориентированные на конкурентную среду в виде рыночной экономики, представляют собой свободную экономическую деятельность всех участников рынка преимущественно частного сектора. Государство определяет приоритеты и правовые рамки экономической политики, а субъекты экономики действуют по своему усмотрению. В организации казахстанской системы закупок предусмотрены возможности использования германской практики в Казахстане с учетом сравнения преимуществ и недостатков.

**Ключевые слова:** государственные закупки, система государственных закупок, государственные заказы, открытый конкурс, конкурсная заявка, закрытый конкурс, предмет закупки, правила закупок.

**S. Reydolda**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **The German experience in the organization of public procurement**

**Abstract.** This article provides for the German experience in the organization of public procurement. In modern conditions for the sustainable development of the economy of Kazakhstan, an urgent issue is the development of harmonization of strategic, indicative and budget planning of socio-economic processes. The purpose of public procurement is to meet the needs of Central and local governments and institutions, public sector enterprises in goods, works and services and the performance of the services provided to them. These issues require effective methods and mechanisms of public procurement.

The experience of Germany is interesting in the organization of Kazakhstan's procurement system.

The sections of the social center of Germany, oriented towards a competitive environment in the form of a market economy, represent the free economic activity of all market participants, mainly the private sector. The state determines the priorities and legal framework of economic policy, and the subjects of the economy act at their discretion. The organization of the Kazakh procurement system provides opportunities for using in Kazakhstan, comparing the advantages and disadvantages with the German practice.

**Keywords:** public procurement, public procurement system, public orders, open competition, tender, closed competition, subject of procurement, procurement rules.

---

---

## References

- 1 Kuznecov K.V. Mezhdunarodnaja praktika i rossijskie realii goszakupok [International practice and Russian realities of public procurement]. Goszakaz, 2, 32 (2005) .
- 2 Gregori M.N. Makroekonomika [Macroeconomics] (MGU, Moscow, 1994)
- 3 Dornbush R. & Fisher S. (1997). Makroekonomika [Macroeconomics]. M.: INFRA-M
- 4 Makkonnell K.R., & Brju S.L. Jekonomiks Principy, problemy i politika [Principles, problems and policies]. K.R. Makkonnell, S.L. Brju (INFRA – M, Moscow, 2000)
- 5 Saks Dzh.D. Makroekonomika. Global'nyj podhod [Macroeconomics. Global approach]. Dzh.D.Saks, F.B. Larren (Delo, Moscow, 1966).
- 6 Stiglic Dzh.Ju. Ekonomika gosudarstvennogo sektora [Economics of the public sector]. Dzh.Ju. Stiglic (INFRA-M, Moscow, 1997).
- 7 Kuchukova N. . Zakonodatel'nye osnovy reformirovaniya bjudzhetnoj sistemy Respubliki Kazahstan [Legislative basis for reforming the budget system of the Republic of Kazakhstan Legislative basis for reforming the budget system of the Republic of Kazakhstan]. Finansy, 2, 10-15 (2002)
- 8 Elubaeva Zh.M. Gosudarstvennoe finansovoe obespechenie proizvodstva obshhestvennyh tovarov i uslug [State financial support for the production of public goods and services]. Karzhy-Karazhat, 2, 136-141 (1999).
- 9 Kulekeev Zh.A. Problemy effektivnosti ispol'zovaniya gosudarstvennogo bjudzheta Respubliki Kazahstan v uslovijah razvitija rynochnyh otnoshenij [Problems of efficiency of use of the state budget of the Republic of Kazakhstan in the conditions of development of market relations] (Akademija gosudarstvennoj sluzhby pri Prezidente Respubliki Kazahstan, Astana, 2003).

### **Автор туралы мәлімет:**

**Рейдолда С.** – магистр, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Есеп және талдау» кафедрасының аға оқытушы, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Reidolda S.** – Master, Senior Teacher of «Account and Analysis» Department, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.